

## Мемлекеттік материалдық резервтерді құру жөніндегі есептеулер тәртібі туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 17 тамыз 1992 ж. N 686

Мемлекеттік резервтегі материалдар мен тауарларды жөнелту (салу) және жіберу барысындағы есептеу-төлем операцияларының күрделілігін ескере келіп Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Материалдық резервтер жөніндегі мемлекеттік комитеттің Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және Ұлттық мемлекеттік банкімен келісілген, мемлекеттік және жұмылдырушылық резервтерінің материалдық игіліктерін несиeler ашпай-ақ республикалық бюджеттен қаржыландыру туралы ұсынысы қабылдансын.

Республиканың Қаржы министрлігі республиканың Ұлттық мемлекеттік банкімен және Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитетпен бірлесіп мемлекеттік резервтегі материалдар мен тауарларды есептеудің тәртібін айқындасын және мемлекеттік резервтегі материалдар мен тауарлар үшін есептеу тәртібі туралы тиісті нұсқауды бекітсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі